

ЫСҚАҚ ДҮЙСЕНБАЕВ

Жақында, интернетті ақтарыстап отырып, әлдебір жас зерттеушінің әдебиет тарихына қатысты мақаласына ұшырастым. Сөз арасында Ысқақ Дүйсенбаев туралы жағымды лепес бар екен. 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ғасырлар сыры» кітабына қатысты. Сол заманның өзінде Шортанбай, Мұрат шығармаларына әділ баға беріпті, дейді. Ой өрісі кең, зерделі ғалым екен, дейді. Онысы рас. Бұқар жырау, Дулат, Мұрат пен Шортанбай, жаңылмасам, Ғұмар Қарашев мұрасына онды пікір айтылады. Алайда, әу басында бәрі басқаша болатын. Кертартпа, рекцияшыл, Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының прогрестік маңызын түсінбеген, феодалдық, хандық заманды көксеген... тағы, тағылар. Ақыры, бәрі керісінше болып шығыпты. Жойдасыз зорлық арқасында. Біздің тарабымыздан жасалған қиянат, авторлық күкүк заңдарын аяқасты қылған басбұзарлық нәтижесінде...

Менің «Жазушы» баспасында қызмет атқарған жалаңқылыш кезім. Ысқақ Дүйсенбаевтың болашақ кітабы 1969 жылдың тақырыптық жоспарына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі бекім кезінде, төбеден түсті. Жиырма бес баспа табақ. Арада апта өтпей, қолжазбасы да келіп жеткен. Алты жүз беттен астам жуан екі папка. Ол заманда жалпы әдебиеттану кітабының қатарға енуі қиын, оның ішінде әдебиет тарихына қатысты әлденендей бір атау ұшырасуы – аса сирек жағдай. Мына Дүйсенбаевтың наны жүріп тұр екен. Осыдан екі жыл бұрын докторлық диссертация қорғаған. Одан әріде – жеті-сегіз жыл бұрын... қым-қуыт, ұзақ тауарих.

Идеологиялық хатшы Нұрымбек Жанділдиннің тікелей араласуымен, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың екі томдық жаңа басылымы талқандалған еді. Дайын тұрған неше мың кітап тұтқынға алынып, ешқандай талқы, талдаусыз пышаққа түскен. Мұндай ауыр соққыдан соң, бүткіл өмірін Сұлтанмахмұтқа арнаған, түбегейлі зерттеу үстіне, әуелгі толымды жинағын жарыққа шығарған, ақыры, ұзақ дайындық нәтижесінде осы, толыққа жақын екі томдықты әзірлеген профессор Бейсенбай Кенжебаев инфаркт алып, ана жаққа кете жаздап, әрең оңалған. Орталық Комитет Сұлтанмахмұттың жаңа жинағын шығаруға нұсқау беріп, Бейсекеңді мүлде аластап, ендігі құрастырушы ретінде Ысқақ Дүйсенбаевты бекітеді. Көп ұзамай, бұл екі томдық та басылып шықты. Аты жаңа, бәрі бұрынғыша, Бейсенбай Кенжебаев тереңнен сүзіп алып, қаншама бейнет, бөгесіннен соң жарыққа жеткізген әуелгі жинақ, одан соңғы жалалы екі томдық негізінде жасалған. Жасалғанда, сол қалпында көшіріп алған да қойған, бар айырма – ұлы ақынның ұлттық бағдардағы өлеңдері түгел тәрік етілген. Өкімет пен партия тарабынан көпе-көрнеу қысас десек, Ысқақ Дүйсенбаевтың осы реткі барлық шаруасы – ұрлық есепті болатын.

Сондықтан, мына атаулы кітабы да партиялық қамқорлық арқасында бірден мәреге жетіп отыр. Жоғарыдағылар да, автордың өзі де солай ойлаған. Ал қаламгерлер қауымының ұйытқысы болып отырған «Жазушы» баспасының өз рәсімі бар еді. Кез келген кітап мазмұндық және көркемдік қатаң талап орайындағы әділ сүзгіге түсуге тиіс.

Мен бұл кезде ең алдымен әдебиет тарихшысымын. Қазақ әдебиетінің өткен дәуірі жарым-жартылай жабық жатыр, жариясының өзі жарымжан. Сондықтан Дүйсенбаев кітабын, күмәнім болса да, жақсы ниетпен қабыл алдым. Көп ұзатпай, әуелде шолып, артынан бажайлап ақтарыстап қарасам... баяғы сарын. Партиялық идеялылық, өткен мұраға сын көзімен қарау... Соған орай терістеме талдаулар. Бір сөзбен айтқанда, ескілікті қойырпақ. Жоғарыдан түссе де, жіберуге болмайтын еді. Мектептес, осы бір кездегі пікірлес досым Рымғали Нұрғалиевке рецензияға бердім. Баспа тәртібі бойынша, төлемелі сараптама. Өзімнің негізгі түйіндерімді айттым. Мынау – ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетін біржола құрдымға жіберетін кітап жарыққа шығуға тиіс емес деп.

Қиянаты жоқ, анық ақиқаты. Рымғали екі аптаға толтырмай, шағын, бірақ өтімді, дәлелді пікір жазып берді. Тиесілі данасы қолжазба авторына табысталған. Болды, бітті. Дүйсенбаев жоқ. Кімнің нұсқауымен кірсе де, 1969 жылдың жоспарынан қалды. Менің ұғымымда бір жылдан ғана емес, біржола...

Жоғарыда айтқанымдай, бүгінде интернет қарағыш болып кетіпшін. Жұмыстан тыс уақыттағы ермек пе, әлде алыста жатқан соң, елдің арғы-бергі хабарын қалт жібермей қадағалау амалы ма, әйтеуір берекесіз бір іс. Кейде халқыңның басындағы зобалаң мен зорлық, адам сенгісіз былықтан басың айналып, мәңгіріп отырасың. Тәрізі, уақыт жейтін, жүйке тоздыратын мұндай әуестікті мүлде тоқтатпасаң да, шектеу керек сияқты. Шынында да, осы кейінгі айларда күрт азайттым. Тек аса қажетті соңғы хабарлармен тоқтаймын. Бұл арада айтпағым – осыдан біраз бұрын, әмбебап білгіштер «ғаламтор» деп атайтын, менің өзім «өсектор» мәртебесін берген қазақ сайттарын қарастырып отырып, осы бүгінгі тақырыбыма тікелей қатысты бір дерекке ұшырасқан едім. Құлбек бауырымның Бейсекем туралы естелік жазбаларының қатарынан. Қашанда әрнені елпідетіп, желпідетіп жүретін досым Рымғали, сол бір күндерде ұлы ұстазымызға арнай барыпты. Міне, сізге қарсы болған Дүйсенбаевтың сазайын бердік, десе керек. Бейсекең қатты ренжіді дейді. Менің Ысқақтың өзімен араздығым болса да, жазуымен жаулығым жоқ, бұларың бекер болған, депті. Рымғалидың дәп солай төндіріп айтуы бекер, деймін мен. Бейсекең үшін болған іс емес. Мұндай қарымта менің ойыма да келмеген. Ақиқат әдебиет тарихы үшін жасалған шаруа. Илияс Есенберлин басқарып, Мұхтар Мағауин қызымет атқарып отырған «Жазушы» баспасы бұл кезде ұлттық рухтың ұйытқысына айналған. Сұлтанмахмұт та, Кенжебаев та ойымда жоқ, Ата-Қазақтың ұлы тұлғалары Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай мен Мұрат «Жазушы» баспасының кітабы арқылы теріске ығарылып, мансұқ болып жатуға тиіс емес. Сондықтан да Дүйсенбаев қолжазбасының жолы кесілген.

Айтқанымдай, осымен бітті деп ойладым. Бітпепті. Келесі – 1970 жылдың жоспарына екінші қайтара енгізіліп, бекіп келді. Және ең жоғарыдағы талқы кезінде Ілекеңе құлаққағыс жасалған екен, үлкен ғалым, осындай маңызды кітап, бөгеліңкіреп тұр екен, оң көздеріңізбен қараңыз, деп. Бұл жағдайдан Есенберлин мүлде бейхабар, әйткенмен, бізде бөтен пиғыл жоқ, мына академиялық ғалымдардың жазуы тым қасаң келетін, соған орай кешеуілдеп жатқан шығар, депті. Маған айтты. Өзінің осындай кездегі бітімшіл сөзімен. Қайтесің соны, қысқарт, іліп алары болса, жібере сал, деп. Жарлық болмаса да, ақылға сыйымды сөз. Іліп алары бар, өткенде байқағам. Оның үстіне, бастаушы, бағыттаушы, сүйікті партияның Орталық Комитеті екінші қайтара ұсынып отыр. Рас, аз-маз ықшамдаған, бұл жолы жиырма баспа табақ. Осы ықшамының өзі кетпектей кітап. Мен баспа редакциясында жатқан, әуелгі көлемдегі алты жүз беттік қолжазбаны алғызып, әлде екі апта, әлде бірер ай мөлшерінде асықпай қарап, бар мәселесінің түйінін тапқандай болдым. Содан соң, туысқан партияның тікелей қамқорлығында тұрған Ысқақ Дүйсенбаев ақсақалдың өзімен тікелей сөйлестім. Өткендегі пікірді білесіз. Токтаттық, әділі де сол. Енді қайыра сөз салған екенсіз. Көлемі аз-маз қысқарыпты. Бірақ бұл қалпында да жарамайды... Ақсақал тұтығып қалды. Неге, қалай... Көзқарасыңыз қайшылықты, дедім. Баяғы тұрпайы социологизм аңғарында... Бәрі емес қой, деді. Ескілікті мұраның қажетті жақтарын да айтқам. Иә, дедім. Бұқардың, Шортанбай мен Мұраттың ұнасымды сыпаты бар екен. Көріп отырмын, тасырқап болса да, тамтұмдап келтіресіз. Міне, сол үшін де осы қолжазбаны кәдеге жаратуға болар еді... Иә, иә... деген ақсақал, шынымен үміттеніп. Тек сіздің келісіміңіз керек. Өзіңізге қолайлы уақытта баспаға – мына маған келсеңіз. Ақылдаса отырып шешер едік. Есебі, бұрнағы артық-ауыс пікірлерді ықшамдау, қысқарту бағдарында... Ақсақал тағы да тұтығып қалды. «Мұқа, деген содан соң. – Атыңыз зор екен. Мен сол ұлы Мұқаға адал іні болған кісімін. Түптей келсек, сізге де бөтен болмай шығам. Ендеше, өзіңізге сеніп тапсырдым. Менің барып жүруге, талқылап отыруға денсаулығым жарамайды. Өзіңіз...» «Онда, кейін реніш болмасын. Кітабыңыз сіз ойлағаннан да әдемі болып шығады», – дедім. Бар әңгіме осымен бітті. Межелі уақытында қолжазба баспа графигіне енгізілген. Редакторы кім болғаны есімде жоқ. Енді автормен емес, атаулы редакторымен жұмыс жасастық. Оның да егжей-тегжейін ұмытыппын. Шын мәнісінде, бастан-аяқ менің қолымнан өтіп еді. Жуан қолжазба екі есе жұқарды. Қазақтың өткен замандағы, тек қана ұлттық мұратты әйгілеген ұлы тұлғаларына қатысты көлеңкелі анықтамалардың барлығы қысқарды. Сөйтіп, «Ғасырлар сыры» аталатын, жиын көлемі он екі баспа табақ, мәнді монография келесі 1970 жылы жарияға жетті. Манағы жас зерттеуші көріп, тамсанып отырған зерделі кітап осы. Әуелгі қалыбы қандай болғанын білгісі келген адам аталмыш еңбектің түпнұсқасы – Ғылым академиясының Орталық кітапханасында тұрған докторлық диссертациямен салғастырып айқындауына болады. Оған қол жетпесе, Ысқақ Дүйсенбаевтың «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ

ақындарының шығармалары» (1962), «Үш ғасыр жырлайды» (1965) атты жинақтарға жазған алғысөз мақалаларын шолып байқайсыз.

Шындығында да, қаражаяу кісі емес еді. Орысша, қазақшаға бірдей сауатты. Әдеби дайындығы да біршама жоғары деңгейде. Тек... заманның адамы. Ой өрісі, дүние танымы тұрғысында – өз кезіндегі жалпы жұрттан озық та, қалық та емес. Бәлкім, эрудициясы артығырақ шығар. Алайда, ресми қалыптан аттап кете алмаған. Біле тұра батылы бармаған дер едік. Біз оп-оңай кеселді шеңберден секіртіп өткіздік. Иә. Алмағайып жағдай. Автор үшін. Өзінің ризашылығымен болса да, сыртынан, осыншама еркін дайындалған кітабын қолға алған сәтінде... қомсынған шығар, қорқуы да, ренжуі де мүмкін, қайткенде өткен заманның ережесін сақтамаған бейбастақ баспагерге амалы жоқ, ал кейініректе өзі түйсінді ме, жоқ па, міне, ақыр түбінде игілікке шығыпты. Жау көрген, жат санаған біздің арқамызда.

Ілияс Есенберлин баспадан кеткеннен соң көп ұзамай менің өзім де жайлы қоныс – Академияға өтуге ынта қылған едім. Сол кездегі директоры бастап, Дүйсенбаевтар қостап, өткізбей тастады. Арада бірер жыл оздырып, қайыра талап қылдым. Ысқақ Дүйсенбаев бұл жолы да қарсы дауыс берген. Алайда, институт басшысы жаңа, Ғылыми кеңес мүшелері Мәлік Ғабдуллин, Әбділда Тәжібаевтар қалған жұртты соңынан ертіп әкетті, бұл жолы артықша көпшілік дауыспен өттік. Басқа емес, сол баяғы Ысқақ Дүйсенбаев басқарып отырған «Әдебиет тарихы» бөліміне.

Тура төрт жарым жыл отырдым. Арамызда алалық, реніш туған емес. Ынтымақ пен ұғыныс та болмады. Мен өзімді сұраусыз келген қонақ, жат ортаға түскен қағай ретінде сезінген едім. Бөлімдегі жеті-сегіз ғылыми қызметкер бір бөлек, мен бір бөлек. Әрине, бір мекеме ғана емес, бір тарамға байланған соң, ұшыраспай тұрмайсың, тіл қатыспау мүмкін емес. Алайда, осының бәрі сыпайылық шеңберінен аспайтын. Түсіністік атымен жоқ. Менің өзім де тым саяқ жүрсем керек. Уақыттың молдығына қарай, кейінде қырық жыл, одан да астам, күні бүгінге дейін бұзылмаған қалыпты жұмыс режиміне көшкен. Институттағы рәсімді қызмет таңертең сағат тоғызда басталады. Директордың секретарь-хатшысы Мария Васильевна дейтін, орта жастардағы көрікті әйел тоғызға бес-он минут қалғанда, көпшілік қызметкерлер отыратын үшінші қабаттағы дәлізде тұрады. Тоғыздан он минут өткенге дейін. Терезе алдында – келіс журналы. Әрбір адам қол қойып белгіленуі керек. Біздің ағайындар көбіне-көп нақтылы үлгермейді. Бұлай кешіккендер хатшы әйелді соңынан қуып, Академия ғимаратының алдыңғы маңдайшасы, ұмытпасам, төртінші қабатта отыратын директордың қабылханасына баруға мәжбүр, әрине, бөгеліссіз қол қойылады, бірақ бұл ыңғайсыз кейіпте үлкен кісінің көзіне түсіп қалуы да мүмкін. Көбіне солай болады. Ақыры, әрқилы жағдайда келіс журналына қол қойған қызметкерлер өздерінің бөлімдеріне барып отырады, немесе дәлізде екеу-ара, үшеу-ара әңгімелесіп уақыт ұтады. Көп емес, әдетте бірер сағаттан соң, асса түске таман осы, түк бітірмей солқақтаған қалыптарында үйлеріне кетпек. Түстен кейін бірлі-жарымы ғана жұмысқа қайтып оралар еді. Онда да тым

ұзақ бөгелмейді. Біздің Әдебиет институты ғана емес, Тарих институтында, бәлкім, тағы бір ғылыми орталықтарда дәп осылай қалыптасқан. Ал менің жұмыс тәртібім мүлде өзгеше болды. Таңертең тоғыздан қалмай, көбіне он-он бес минут бұрын келем, институт журналына алдыңғы қатарда, тіпті, бірінші болып қол қоям. Жөн-ақ. Жұмысқа уақтылы келдік. Белгілендік. Енді уақытында кері қайту қажет. Есебі, тым құрса бес минут бөгелмей. Тура төменге тартам. Қысылып, қымтырылмай. Үздік-создық келіп жатқан әріптестермен бас изесе амандасып. Қайда, неге деп ешкім сұрамайды. Тәрізі, төменге түсіп, сол жақ қанаттағы Ғылыми кітапханаға бара жатырмын. Шындығында тіке тартып, үлкен қақпадан сыртқа шығам. Содан соң тұпа-тура өз үйіме. Екі аралық – Шевченко–Карл Маркстан Байзақов–Жамбылға дейін – жиырма минут, трамбай кешіккен жағдайдың өзінде жарым сағатта жетем. Жұмыс кабинетіме. Таңғы тамағымды мана ішіп кеткем. Енді қою құйылған бір шыны шай. Әдетте сағат онан аспай жазу столының басында отырар едім. Содан төрт жарым, бес сағат. Түстен кейінгі сағат үште, асса үш жарымда міндетті қызмет жайымда болам. Рәсімді жұмыстың ақырына дейін. Онда да қаңтарылып, бостан-бос емес. Әрине, жазу жоқ. Әлдебір қажетті ғылыми басылымды аударып-төңкересің. Арғы-бергіде, өткен аптада жазылған мақалаңды тиянақтайсың. Әйтпесе, дәп осы уақытта бөлімде отырған лаборант Сәрсенбі баламен, немесе кіші ғылыми қызметкер Гүлшаш апаймен бейсауат әңгіме. Кейде әрқилы жағдаймен келіп қалған басқа әріптес. Көбіне жалғыз өзім отырар едім. Біздің Әдебиет тарихы бөлімі ғана емес, бүткіл институтта дерлік. Өйткені, таңертең келіс журналына қол қойып, тіршілігін әйгілеген жұрт түске жетпей-ақ түгелдей жым-жылас болған. Әлбетте, айына, жылына дегендей, Институт, кейде Академия басшылығы тарабынан тәртіп, яғни ғылыми қызметкерлердің жұмыс кестесіне тексеру жасалуы ықтимал. Жалғыз мен ғана отырамын. Қалған жұрт қайда? Кітапханада. Енді біреулерінің шығармашылық күні. Қисынды. Әйткенмен, сенімсіздеу. Сондықтан кейде әжептәуір сөз болады. Бес-он күн белсенділік. Содан соң бәрі бұрынғы қалыбына түсетін. Шындығында, әр аптаның жеті күнінің екеуі – шығармашылық еркіндік, әдепкі демалыс сенбі, жексенбіні есептемегенде. Яғни, институттағы міндетті қызмет – үш күн ғана. Соның өзіндегі жағдай жаңағы. Ол заманның есебінде аса көтеріңкі, расында да тіршілік кебіне артығымен жететін мол жалақысы бар ғылыми қызметкер атаулының бітіріп жатқан шаруасы шамалы. Жоққа жақын. Әйтеуір амалдап күн өткізу. Он, жиырма жыл бойы осылай жүре беруге болады екен. Мен бұл кезде көбіне-көп Ленинград жинағын дайындау үстінде отырмын. Орталық тұрғысы өз алдына, бау-шуы, бөлек-салағы көп, берекесіз, ауыр жұмыс. Институт бағдарынан тыс және ешкім білмейтін, білмеуге тиіс жасырын шаруа. Сонымен қатар, бөлімнің жоспарлы жұмысы да орнына келіп жатты. Негізінен бұрнағы зерттеулердің жалғасы. Мәселен, екі жылға есептеп, Бұқар жыраудың ғылыми басылымын әзірледім. Әлбетте, сол беті қағазда қалыпты. Бүгінде сақталған, сақталмағанын да білмеймін. Сондай-ақ, ғылыми тұрғыдағы

бірнеше мақала, кейбірі жарияға да шықты. Бір сөзбен айтқанда, негізгі күш-қуатым басқа тарапта жұмсалса да, қатарлас жұрттан кейін қалғамын жоқ, тіпті, бәрінің алдында болдым десем артық емес.

Қайткенде де мен Әдебиет тарихы аталатын бөлімде, мүмкін, бүткіл институт шегінде бөтен адам екем. Айттым, әріптестермен араласқұралас, тіпті, сырттай түсіністік жоқ. Бастығымнан тартып, бәрі де ұнатпайды. Бәлкім, жек көруі. Әйткенмен, тиісерге батпайды және мен тараптан әлдебір төтенше әрекет күткендей, үдірейісіп тұрады. Ақыры, арада жыл өтпей, осының бәріне күле қарамасам да, бейсауат, салқын ғана емес, енжар, сүлесок жағдайға түсуіме себепкер оқиға болды. Ғылыми қызметкерлердің үш жылдық, әлде бес жылдық есебі деген болады екен. Яғни, осы жоспарлы мезгілде бітірген жұмысының қорытындысы. Атаулы бөлім аясындағы талқы. Ғали Әбетов деген кісі бар еді. Аға ғылыми қызметкер. Орта бойлы, сетік танау, қарны шығыңқы, толықша келген, көп сөзі жоқ, момын адам. Домбыра тартатыны бар, институтымыздағы әлдебір мерекелік шара кезінде, Өнер бөліміндегі Тымат Мерғалиевтен соң, үйден әкелген домбырасын баптап, Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін тартқан. Шертіп емес, соғып. Тәп-тәуір шықты. Бөлімдегі кісілер Ғалекен сері ғой, жас кезінде балуан да болған деп, әлде мазақтап, әлде көтермелеп отыратын. Ғалымдығын білмеймін, бұрнада әлдебір жинақтан Абай поэзиясына қатысты мақаласын ұшыратқаным бар. Міне, осы Ғали Әбетовтың ғылыми есебі. Соңғы бес жыл, әлде үш жылда, түбегейлі зерттеу нәтижесінде тұтас бір монографиялық еңбек жазып бітіріпті. Тақырыбы... «XV–XVIII ғасырлар шегінде жасаған ақын, жыраулар.» Бұрнада ғылымға белгісіз болып келген қаншама жаңалық ашқан. Қазтуған жырау, Шәлгез (яғни Шалкиіз) жырау, Марғасқа, Үмбетей, Ақтамберді... Арыда қайда басылғаны, қандай шығармалары бары, бұл өзгеше мұраның мән-мағнасы, әдебиет тарихы үшін маңызы... Мен қайран қалып тындап отырмын. Қайран қалмас жөнің жоқ. Бұдан қаншама жыл бұрын мен жариялаған өлең-жырлар ғана емес, мен айтқан сөздердің аз-маз өзгертіліп, өңі айналып, көбіне бой-бойымен ұзағынан көшіріп алынған жаңаша қалыбы; қорытынды, түйінді толғамдардың бәрі де сол қалпында. Жарым сағаттан астам, әлде тұтас бір сағатқа созылған баяндама аяқталды. Сұрақ жоқ. Талқылау басталған. Әуелгі сөз алған ғылым кандидаты Мұхамедрақым Жармұхамбетов көзі жайнап, жан-жағына жалт-жұлт қарап, сыпыра мақтай жөнелді. Мынау – қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған ғажайып жаңалық. Осындай сөз зергері – талантты ақын, жыраулар болған екен. Ғалекен соның бәрін асқан білгірлікпен, табанды еңбек арқасында ашып, ғылымға қосып отыр... Бұдан соң кезек алған ғылым докторы Әнуар Дербісәлин жағын ашпай, тісінің арасынан сыздықтата сөйлейді екен. Толық мақұл. Сөз соңында өзгеше бір толғам жасаған. Осындай талқы кезінде айта кетер жағдай – шынайы ғылым асығыстықты көтермейді. Ғалекен әлдебір жеңілтек зерттеушілер сияқты, өзі айғақтап, ашқан жаңалықтарын зыр жүгіріп, анда-мұнда жариялатуға құмарлығы жоқ. Осының бәрі – Ғалекен бұдан бес, он жыл бұрын ашқан, анықтаған мәселелер. Енді атаулы

монографиясы үлкен ғылыми деңгейге жеткен екен, бұдан әрі созбақтаудың қажеті жоқ, дәп осы қалпында өзіміздің «Ғылым» баспасына ұсынылып, жарыққа жетуі керек... деді. Бұдан соң сөйлеген тағы үш-төрт әріптесіміз де Ғалекеннің еңбекқор екенін, үндемей жүріп, осыншама жаңалық ашып, күрделі, маңызды еңбек жазып шыққанын атап көрсетті. Тек бұл ғұламалардан жасы кіші, әрі мені біршама білуге тиіс Қабиболла Сыдиқов қана іркіліп қалған. Бастығымыз сұрау салып еді, ауырыңқырап отырмын деді ме, әлде көпшілікке қосылам деді ме, арнап сөйлеуден бас тартты. Осыдан соң Ысқақ Дүйсенбаев маған қараған. Бастапқыдан бетер айран-асыр болып отыр едім. Солай айттым. Ғажайып жағдай, дедім. Менің аты-жөнім – Мұхтар Мағауин. Міне, бір жылға тақады, осы Әдебиет тарихы бөлімінде аға ғылыми қызметкер саналамын. Осы мен бармын ба, жоқпын ба?.. Сіздерше жоқпын, өзімше бар сияқтымын. 1966 жылы авторефератым шықты, 1967 жылы қорғадым – мына сіздер талқылап отырған XV–XVIII ғасыр ақын, жыраулары туралы. Бұрнағы, әркілі басылымдарда жарияланған он бес мақала өз алдына, бұл еңбек 1968 жылы тұтас қалпында, «Қобыз сарыны» деген атпен, «Жазушы» баспасынан шықты. 1970, 1971 жылдары екі қайыра жарияланған «Алдаспан» жинағын айтпай-ақ қояйын. 1970 жылы манағы монография «Кобыз и копье» деген атпен орысша аударылып басылды. Бұл екі кітап туралы берісі Алматы, арысы Мәскеуде бірнеше мақала жарияланды. Енді сіздер аяқ астынан осыншама жаңалық ашып отырсыздар. Бәрі айтылған, бәрі жазылып кеткен. Және тасқа басылған сонама еңбекті ешкім де жоқ деп, болмаған деп, теріске шығара алмайды... деп әрең тоқтадым. Енді бөлім бастығы Ысқақ Дүйсенбаевтың өзі сөйледі. Әлгіндей ғажайып талқының қорытындысы. Мына біздің әріптесіміз, жас ғалым, дарынды, үлкен ғалым Мағауиннің айтып отырғаны қисынды, деді. Ғалекен – Ғали Әбетовтың еңбегі де ешқандай даусыз. Көп жұмыс жасаған, ақыры бүгін ғана біздің алдымызға тартып отыр. Жолдастардың сөзіне қосылам. Баспаға дайындау үстінде әлі де біраз жетілдіре түсу қажет сияқты. Ал жаңағы, шеті шығып қалған пікірге келсек, ғылымда мұндай жағдай бола береді. Белгілі бір жаңалықты бір уақытта екі оқымысты қатарынан ашқан оқиғалар ғылым тарихында жиі ұшырасқан. Сондай бір жағдаят. Ғалекеннің ұзақ ізденіс, табанды еңбек нәтижесінде жазып шыққан ерен еңбегіне менің ешқандай күмәнім жоқ, деп түйіндеді. Бұл кезде мен әбден ыза болғам. Секе, менің де ешқандай күмәнім жоқ, дедім, сөздің артын тоспай. Сіздер кешіктіңіздер. Менің еңбегім тарау-тарауымен бұдан жеті жыл бұрын жарияға шыға бастаған; тура төрт жыл бұрын толығымен мағлұм болды. Сіз айтып отырған ғылымда нешеме жыл емес, бірер ай, бес-алты күннің өзі жетіп жатыр – кім бұрын жарияға жеткізсе, жаңалық сонікі. Мына Ғалекеннің кітабы, сіздер айтқандай, жарыққа шыға қалса, бастан-аяқ плагиат екенін мен оңай дәлелдеп беремін... Ысқақ Дүйсенбаев маған қабағының астынан қарады да, жүзін басқа жаққа бұрып әкетті. «Оған дейін... оған дейін... бүгінгі талқылау өте пайдалы болды ғой деп ойлаймын. Ғали Әбетовтың ғылыми есебі қабылдансын. Протоколға солай деп жазамыз...»

Бастан-аяқ комедия болды. Мен келер сәтте сабама түскен едім. Арада бірер сағат өтпей, мұншама ғажайып істің мән-жайын ұққан сияқтымын. Рас, маған қисынсыздан сес көрсету бар, әйткенмен, бәрі бос сөз. Оның ішінде менің соншама шамырқануым да. Ең бастысы – аға ғылыми қызметкер Әбетов осы соңғы үш, әлде бес жылда өзінің орнын ақтап, үлкен ғылыми жұмыс бітірді деген анықтама. Қалғанының бәрі – ойын. Әйтпесе, соншалық мақұлық емес, бәрі де біліп отыр. Менің кітаптарым оңды-солды жарияланғаннан соң, бөлім қызметкері осы дайын тақырыпты алған. Аударып, төңкеріп, қопалақтап жазып шығады. Бар қателік – бұл екі ортада менің келіп қалуым. Ол да қате емес. Елеусіз ғана кірне. Соның өзі есепке алынбады. Түптеп келгенде мен күліп отыра беруім керек екен. Ойынның шартын бұзыппын. Бәрібір осымен тынды. Ақыры аяқсыз қалды. (Ол заманда мен тым шолақ ойлап, келте қайырыппын. Арада жеті-сегіз жыл өткенде, бұрнағы бағыт-бағдарын өзгертіп, ескілікті дәуірге бет бұрған Әдебиет тарихы бөлімі жаңа бастық Әнуар Дербісәлиннің ынтасымен «XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» деген бір томдық «академиялық» жинақ әзірлепті. Баспаға тапсырылған бетте ғайыптың күшімен біздің қолға жетіп еді. Төлемелі пікір. Қарадық, қайран қалдық. Баяғы «Алдаспан» бастан-аяқ сол қалпында көшірілген. Өздері ұқпаған, ұғуға тырыспаған кейбір сөз, орамдарды бүлдіргені болмаса, бәрі қаз-қалпында. Бар айырма – жаңадан шаласауат алғысөз жазылған және, әрине, біздің аты-жөніміз тәрік етілген. Бұрын болмаған өзгеше жинақ, бастан-аяқ өзіміз ашып отырған жаңалық деп жариялайды. Бұл жолы біздің баяғы күлкіміз сап болған. Мұндай көпе-көрнеу ұрлыққа сай қошамет рецензия жазып бердік. Әуелгі нәтиже – осы ғажайып жаңалыққа жетекшілік жасаған Әнуар Дербісәлин ауыр инфаркт алыпты. Соның төлемі ретінде кітабы басылып шықты. Шырғасы шытынамаған, әуелгі қалпында. Алайда, бірер жыл өтпей манағы жүрек қайтадан сыр берген, ақыры әкетіп тынды. Мал ашуы емес, жан ашуы, бізде мейірім жоқ, енді бастапқы рецензияны кеңейтіп, осы ғаламат кітап туралы дәйекті мақала жаздық. «Бардың бағасы» деген. Ешбір баспасөз орны қабылдамады, сонымен қатар, жерде қалмады, кешіксе де ақыр түбі кезекті кітабымызға шығардық, оншақты жылдан кейін он үш томдық Шығармалар жинағына енгізілді. Бұдан соң да ештеңе өзгермеді. Керісінше, ұрлық-қарлық жаңаша қарқын алғанын көрдім. Академиялық ғалымдардың келесі буыны менің жерлес досым Сейіт Қасқабасовтың алқауымен енді «Қобыз сарынын» талапайға салыпты. Анау – Шалкиізді ашқан. Мынау – Доспамбетті. Тағы бірі – Қазтуғанды. Сен әйгілеген тарихи деректер. Сен байыптаған түйінді толғамдар. Сенің жаныңды жалдап жүріп атқарған ғұмырлық еңбегің есеп емес... Бұларға дауа жоқ екен. Ақырғы жауабы кейінде болар, бізден соң да жұрт бар ғой...)

Әдебиет институты үшін әдепкі жағдай. Әйтеуір күн өткізу. Тұтас бір кітабыңыз не, бес жылда бір мақала жазылса – үлкен жетістік. Десе де, барлық жұрт бірдей емес. Жайлап зерттеп жатады, ептеп жазып жатады. Ара-тұра әжептәуір шаруалар да атқарылып қалады екен. Әдебиет тарихы

бөлімінде, мен қызмет жасаған кезде жүзеге асқан ең елеулі шаруа – Абайдың екі томдық ғылыми басылымын әзірлеу болды. Бөлім қызметкерлері түгел қатысқан. Оның ішінде біз де бармыз. Атаулы жұмыс – текстология тұрғысында өткерілді. Өлең сөздеріне онша бойламаған сияқтымыз. Негізінен «Ғақылия» тарабындағы тексеріс. Бастығымыз Ысқақ Дүйсенбаев Мұхтар Әуезов Музей-үйінен қарасөздердің Мүрсейіт көшірмелерін әкелген. Түпнұсқа қолжазба емес, фотокопиялар. Ескіге жүйрік екен, шетінен түсіп, оқи бастады. Әр сөзін қадағалап біз отырмыз. Әрқайсымыздың қолымызда Абайдың бұрнағы басылымдары. Тым жиі болмаса да, айырма шыға берді. Кейде сөз ретінің алмасуы, кейде мәтіннің өзгешерек бір иірімдері. Бүткіл бөліміміз үш аптадан астам тапжылмай отырдық. Өлгіндей айырым, немесе онсыз да күмәнді тұстарда іркіліп, талқыға саламыз. Алай емес, былай, жоқ, бәрі өз орнында. Осы ретпен, мазмұндық, мағналық емес, стильдік тұрғыда біршама өзгеріс енгізілді. Айта кетер жағдай – мұндай талқы үнемі оңын таба бермеген. Әркім әрқилы ұсыныс айтады. Әуелде көбіне-көп, тіпті, үнемі дерлік менің сөзім өтіп жүрді. Содан соң жағдай өзгерген. Атап атылмаса да, неге Мағауиннің пікірі ғана қабылдануы керек деген тұрғыда. Енді көпшілік дауыспен шешетін болдық. Өлбетте, соңғы сөз бастыққа тиесілі. Танымы тәуір екен. Десе де, көпшілік – менен басқа білгірлер ұсынысы өтіп кеткен жағдайлар болды. Түптеп келгенде ұлы ақынның «Ғақылиялары» біршама оңалған еді, алайда, ең соңғы межесіне жетті деп айта алмаймын. Қайткенде де кейінгі басылымдарда осы, 1977 жылы жарыққа жеткен екі томдық академиялық жинақ ескерусіз қалмауға тиіс.

Ысқақ Дүйсенбаев табиғатында жаман адам емес еді. Ғылыми өресі де өз заманының деңгейінде. Сол деңгейден аса алмады. Әйтпесе, ұғымы да, білігі де жоғары болатын. Кезінде ұлы Мұхаңның өзі қасына ертіп, әрқилы тапсырма беруі кездейсоқ емес. Біз екеуіміз, айттым, бейбіт қатар өмір сүру жағдайында болдық. Бет жыртысқан ренішке бармадық. Әркімнің өз қисыны бар. Ол да тыныштығын ойласа керек. Келісімпаз ғұмыр кешкен. Өзі жалғызбасты кісі екен. Басқасынан хабарым жоқ. Біз көргенде Гоголь мен Коммунист – «Юбилейный» аталатын гастрономы бар, ұзын, биік, сәулетті ғимаратта тұрды. Білетінім – Рамазан Тоқтаровпен көршілес екен. Және Қадыр Мырзалиевпен. Қадырдың өмірі қашанда тұйық, ал Рамазан мерекелеп жүретін. Бір үй, бәлкім бір далаңда тұрған соң, жиі ұшырасады. Кейде Рамазанның жалғыз өзі емес. Серіктес тағы бір, немесе екі-үш жігітпен. Қолма-қол айналдыра бастайды екен. Жатып кеп мақтайды ғой. Секең үлкен ғалым, Секең кеңпейіл, жомарт аға деген тұрғыда. Рамазан айтатын: мұндайда Секең бет-аузы білеуленіп, рақаттана күліп алады дейді, содан соң: «Жігіттер, менің қалтамда он-ақ сом ақша бар, содан асырмай мақтаңдар», – дейтін көрінеді. Ол заманда он сом – екі-үш жартылық, тіске басарымен қоса. Шөлдеп тұрған інілерін тартынбай сыйлайды екен. Рамазан қатарлы, және басқа да жігіттерге, бәрімізге айрықша тұлға болып көрінетін бір себебі – мейлінше толық адам еді. Орта бойлы, жұмыр, доп-домалақ. Жүрген кезде екі аяғын

кезектесе, еркін алмайды, аударылып-төңкеріліп, шайқалақтап жүреді және, осыншама бітіміне қарамастан, бар қимылы шалт, ширақ. Манағы жігіттер қызық көріп, салмағыңыз қанша деп сұраса, «Үш жарым Шастри» – дейді екен. Кейінірек өз аузынан да естідім. Шастри – Үндістанның президенті, осыдан біраз бұрын Совет Одағына келіп қайтқан, кішкентай, қағанақтай кісі, әлдебір басылымдар кірпияз жан, салмағы небәрі 48 килограмм деп жазып еді, есебі, үш жарым Шастри – кемінен санағанның өзінде 160 кило. Оның да қызығын көрдік. Бірде Академиядан әлденендей жұқпалы вирус табылыпты деп, барлық жұртты, оның ішінде біздің Әдебиет институтының қызметкерлерін де тексерістен өткізді. Атаулы күні орыстың тап-тұйнақтай үш қызы келген. Біз, үлкен, кішіміз бар, жеті-сегіз адам, ошарылып тұрмыз, әуелі әлденендей аппаратпен тамағымыздан сілекей алды; содан соң қан қысымын, жүрек соғысын, тыныс жолдарын тексермек. Көйлегімізді шешіп, белуарға дейін жалаңаштану қажет екен. Мен бөлімдегі ең жасы кіші қызметкер, үлкендерге жол бердім. Үлкен болғанда, ешқайсы қартаң емес, қырықтың үсті, елудің төңірегінде. Басқасы белгісіз, бәрінің де қан қысымы жоғары шықты. Тіпті, менен үш-төрт-ақ жас үлкен Қабиболла Сыдиқовтың өзінің айналымы мөлшерден артығырақ. Бастық екеуіміз ғана қалғанбыз. Секе, жол сіздікі, дедім. Мен сізден кейін, деген. Бұл кезде мен отыз екі-отыз үш жастамын, соған қарамастан қауіптеніп тұр едім, бәрі дұрыс шықты. Енді Ысқақ Дүйсенбаевтың өзі. Бәріміз де әуестене қараймыз. Жаз күні болатын, міне, етегі түсірілген апан көйлегін үстінен сыпырды. Мен ойлағам, мұншама толық кісі, қарны қыртыстанып, қабырғалары кабаттасып жатқан шығар деп. Міне ғажап, бәрі теп-тегіс, доп-домалақ, жұп-жұмыр, тура бегемоттың жонындай дөңгелене, тысырлап тұр. Медик үш қыз да әуелден қызықтай қараса керек, енді қайран қалды. Өлшеп жібергенде... жүз жиырма да сексен – үшеуі қатарынан аһ ұрған – үлкені, бәденді келіншек: «Настоящий мужчина в полном расцвете сил!..» – деген – кемеліне келіп тұрған нағыз ер-азамат! Басқа ағзалары да қалыбында болуға тиіс. Жалғыз басы, уайым-қайғысы жоқ, ақшасы мол, үй-тұрмыста өзімен-өзі, тым құрса жетпістен өтсе керек еді. Бұл кезде алпысқа жаңа кірген. Бірақ екі-үш-ақ жыл ғұмыры қалған екен. Нақты себебі де білген жұртқа күмәнсіз айқын еді.

Ол заманда ғылым докторларының беделді, атақтылары академияның толық, немесе жартылай мүшелігіне ұмтылады – академик және мүше-корреспондент. Кезінде Бейсенбай Кенжебаевтың өзі өте алмаған дәреже. Академиктің 300 сом, мүше-корреспонденттің 175 сом, ғұмырлық қосымша төлемі бар. Аса көп ақша. Ақшадан бұрын – зор атақ, ғылымның тұтқасын ұстағандай, мәңгілік шежіреге жазылатындай сезім. Ысқақ Дүйсенбаев та осындай мәртебеге жеткісі келеді. Әлбетте, өз қалауы, содан соң жақтас, тілектес саналған белгілі бір топтың көтермесімен. Көтерме болатыны, бірден-ақ жарты емес, толық мүшелікке түсіпті. Әуел баста белгілі әдебиет сыншысы, Мұхтар Әуезовтың өзі демеген үлкен атағы бар Мұхаметжан Қаратаев ұсынылған екен. Енді осы, біраз жұртқа жақпайтын, әрі екпінді Қаратаевты тоқтату

үшін, оған қарсы Ысқақ Дүйсенбаевты салады. Дене салмағы болмаса, қай жағынан алғанда да теңесе алмас мығымға. Әуелде таң қалған жұрт, жеме-жемге келгенде түгел талып түскендей екен. Қоғамдық ғылымдар аталатын – Әдебиет, Тарих, Экономика, Философия, Заң институттарының біріккен мәжілісінде Қаратаев емес, Дүйсенбаев өтіпті. Енді бүткіл Академияның жалпы кеңесі. Кеңес болғанда, академиктер ғана дауыс беретін, онда да жасырын жағдайдағы шешуші мәжіліс. Ертеңіне болған. Бұл бір тәулік ішінде Қаратаевтың жақтастары, бұларға қоғамдық ғылымдар бөлімінің шешімі әділетсіз көрінген тағы біраз кісі қосылып, – бұл кезде Қаратаев санаттан шығып қалған, – Дүйсенбаевты құлатып жібереді. Көлденең жұрт Ысқақ Дүйсенбаев жиырма төрт сағат академик болды деп, қыжырта күліп жүрді. Әрине, әдепкі жиырма төрт сағат емес, құттықтау, қошаметке толы, бір тәулік мейрам. Ақыры бәрі де керісінше шыққанда, кімнің болса да жүрек, жүйкесіне ауыр салмақ. Келесі жылы кезекті сайлау. Дүйсенбаев енді жарым академик додасына түседі, Қаратаев – толық мүшелікке. Бұл жолы екеуі де алғашқы межеден еркін өтіпті. Енді, тағы да ертеңіне – жалпы мәжіліс. Менің бұл сайлауда да, басқа сайлауларда да ешқандай әуестігім жоқ, әдетімше, таңертең тоғызда институт журналына қол қойып кетіп, үйде төрт-бес сағат жұмыс жасап, үш жарым шамасында, қалыпты тәртібім бойынша, қызмет орныма келгем. Біздің институт Академияның Бас корпусының үшінші қабатында дедім. Жоғары шықсам, абыр-сабыр жүріс, мен білмеген әлдебір есікке кіріп жатыр, сөйтсем, бұл – Акт залының балконына шығатын есік екен, бүгінгі жағдайға байланысты ашып қойған. Академиктер сайлауының қорытындысы жарияланып жатыр, деді жүзі таныс әлдебір жігіт. Мен де есікке бардым. Кірген бетте бастығымды көріп едім. Алдыңғы орындықтар түгел кісілі, Секең артқы жақта, түрегеп тұр екен. Мен қасына келіп, амандастым. Қатарлас тұрмыз. Әлденендей жалпы дәйектемелерден соң, сайлау бülлетені енді ғана жариялана бастапты. Әуелде жаңа академиктер. Қаратаев өтті. Бұдан соң – мүше-корреспонденттер. Әдетте жалпы жиналыс шартты түрде ғана болатын. Тиесілі бөлімнен өткен үміткерлер рәсім бойынша ғана қайыра түсіп тұр, көбіне-көп машақатсыз өтуге тиіс. Сол ретпен, шырғасы шықпай жылжып жатыр. Пәленбаев – жақтаушы осынша дауыс, қарсы – онша, өтті, сайланды... Түгенбаев – бәрі мақұл... Көп ұзамай Ысқақ Дүйсенбаевтың аты аталды: жақтаушы – мұншама, қарсы – соншама... – өтпей қалды! Менің Ысқақ Дүйсенбаевқа деген айрықша ықыласым жоқ, өтсе – құба құп, өтпесе – кірәжімес едім. Бірақ мен үшін өте қолайсыз жағдай болды. Не айтарымды білмей, бетіне қарап едім, боп-боз болып кетіпті, әлгі, балаларға арналған мультфильмде дәрігерге барып, уколдан қорыққан бегемот сияқты, өң-түс жоқ. Дүңкііп тұрған қалпы, жарым-жартылай маған бұрылып, ерні икемге келмей, дірілді үнмен: «Болмады ғой... болмады ғой...» – деді де, орнынан әрең қозғалып, сүйретіліп шығып кетті. Шынымен-ақ жаным ашыған. Жазығы – әуелде көтермес шокпарды беліне байлаған жақтастарда, Қаратаевты мұқатамыз деп, көлденең кісінің обалына қалды. Бүгінгі ахуал өткен жылғының жалғасы,

артықша қарымта; бірден түскен жағдайда шауып өтеді екен. Шынында да обал болды. Бұл арада татиды-татымайды емес, басталған істің құрдымға кетіп, талапкердің мүлде жер болуы сөлекет көрініп еді... Алайда, бар тауарих осымен бітпепті. Келесі жылы, әлде сол жылдың аяғында үстеме сайлау – ақыр түбі өткен екен. Ысқақ Дүйсенбаев – Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті! Бар мұратына жеткендей.

Бұл кезде, әлде осының алдында мен жылы-жұмсақ Академиядан өз қалауыммен кеткен едім. Үйреншікті ағайындар – Абай атындағы Педагогтық институттың Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин, Төкен Абдрахманов қызмет атқаратын қазақ әдебиеті кафедрасына. Өткен өмір кейде ұзақ көрінеді, кейде күні кеше сияқты. Түгендеп қарасам, осыдан соң көп ұзамапты, 1976 жылдың соңына қарай, әлдебір сыйлы кісіні жерлеу рәсімінде Кеңсай зиратына шыққан едім. Топырақ салынды, енді басы көтеріліп жатыр. Мен шоғырдан ұзаңқырап, анадай жерде тұрмын. Кенет, жаңа үйілген жас қабірге көзім түсті. Үстінде бірнеше венюк жатыр. Амалсыз қарап едім. Орама лентасында: Исхак Такимович Дю... Ысқақ Дүйсенбаев! Өткен аптада естігем. Енді міне, ойламаған жерде үстінен түсіппін. Маған мына жасанды гүл орамасы қисынсыз, ал үйіктің өзі тым жинақы, әрі ықшам көрінді. Астында жүз алпыс килограмдық алпамса кісі емес, кәмелетке толмаған бала жатқандай. Бәлкім, тіршіліктегі бітім-тұлғасын өте жақсы білгеннен бе. Қайткенде, алда бұдан әрмен басылып шөгетін, тілсіз, мәңгілік топырақ астына түсті.

Баянсыз дүние деген осы. Төрт-бес жыл соңында жүріп, бар денсаулығынан айрылып, ақырында әрең-пәрең қолы жеткен жарым академик атағы қайда қалды? Тым құрса толық бір жыл қызығын көрмепті. Мейлі, екі-үш жыл дейік. Он, жиырма жыл. Түптің түбі осы. Сонда, нешеме заман, тіпті, ғұмыр бойғы тынымсыз тыпырдың ізі мен сорабы қайда? Бар екен. Артында қалған жұқалтаң екі-үш кітап. Ал бүткіл қажыр-қайратын осы ғылым жолына бағыштаса қайтер еді? Сапасын айтпайық, тым құрса тағы екі-үш, тіпті, қомақтылау жалғыз-ақ кітап... Мен иманды болсын деп, бетімді сыйпадым. Және сол жерде және кейін, күні кеше, осы бір адамға үлкен жақсылық жасағаным сенімді едім. Ең негізгі еңбегін былық пен қоқыстан тазартып бердім ғой. Кісіге қолғабыс үшін емес, өткен аруақтар, рухани тауарих алдындағы парыз жөнімен. Ақыры, пендесі үшін де оңға шығыпты.

12–13.ІІ.2018,
Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ.